

26 мамыр 2026



## Меншікті бағалы қағаздардармен мәмілелер туралы ақпарат Тұрақты есеп

Алматы, Қазақстан - «Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі - «Қоғам») 2026 жылғы 16 наурызда жарияланған Акциялар мен ҒДҚ-ды сатып алу бағдарламасына сәйкес («Бағдарлама») Қоғамның жай акцияларының («Акциялар») және Акцияларға қатысты құқықтарды куәландыратын ғаламдық депозитарлық қолхаттардың («ҒДҚ») төменде көрсетілген санын «Haluk Finance» АҚ арқылы 2026 жылдың 18 мамыр және 22 мамыр аралығында (бұдан әрі – «есеп беру кезеңі») сатып алу туралы хабарлайды.

Бағдарламаны жүзеге асыру шеңберінде күн сайын жасалған мәмілелер туралы біріктірілген ақпарат төменде көрсетілген:

Мәміле күні	Мәміле жасалған биржа	Акцияларды бір күнде сатып алудың орташа өлшенген бағасы (теңге)	ҒДҚ-ны бір күнде сатып алудың орташа өлшенген бағасы (АҚШ долл.)	Сатып алынған Акциялардың жалпы саны	Сатып алынған ҒДҚ-ның орташа саны	Мәмілелердің жалпы бағасы (АҚШ долл.)*
18.05.2026	LSE	-	5,52	-	42	231,84
19.05.2026	AIX / LSE	-	5,55	-	3 712	20 584,91
20.05.2026	AIX	-	5,60	-	2 034	11 390,30
21.05.2026	AIX / LSE	-	5,52	-	2 338	12 907,36
22.05.2026	AIX / LSE	-	5,58	-	2,093	11 675,54
Сатып алынған Акциялар мен ҒДҚ-ның саны және есеп беру кезең ішінде жасалған мәмілелердің жалпы бағасы:				- Акция	10 219 ҒДҚ (40 876 Акцияға қатысты құқықтарды куәландыратын)	56 789,95 АҚШ долл.
Сатып алынған Акциялар мен ҒДҚ-ның саны және Бағдарламаны іске асыру шеңберінде жасалған мәмілелердің жалпы бағасы:				- Акция	83 584 ҒДҚ (334 336 Акцияға қатысты құқықтарды куәландыратын)	476 637,32 АҚШ долл.

\* Акцияларды сатып алу мәмілелер бөлігінде, тиісті мәміле жасалған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша

Осы есептің жасалған күніне Компания сатып алынған акциялардың жалпы саны 1 574 722 акцияны және 334 419 ҒДҚ құрайды, бұл орналастырылған акциялардың жалпы санының 0,82%-ын құрайды.

Бағдарлама шеңберінде «Haluk Finance» АҚ жасаған жекелеген мәмілелер бойынша ақпарат төмендегі сілтеме бойынша қолжетімді:

<https://ir.airastana.com/media/8deba49479cc00e/detailed-inf-kz-25-05-26.pdf>

Осы хабарландыру қандай да бір юрисдикциядағы бағалы қағаздарды ұсыну туралы ұсыныс немесе өтініш болып табылмайды. Қоғам да, Бағдарлама мақсаттары үшін Қоғам тартқан брокерлер де, олардың үлестес тұлғалары да (немесе олардың тиісті директорлары, қызметкерлері, агенттері немесе кеңесшілері) ҒДҚ-ның акционерлері немесе ұстаушылары өздерінің кез келген немесе барлық Акцияларын немесе ҒДҚ-ны сатуға тиіс пе екендігіне қатысты ешқандай ұсынымдар бермейді. ҒДҚ акционерлері мен ұстаушыларына Бағдарламаға қатысуға қатысты өз қаржылық ақыл-кеңестері үшін өзінің брокеріне (леріне), инвестициялық менеджеріне (леріне), заң кеңесшісіне (леріне), бухгалтеріне (леріне), кастодианына (леріне) немесе басқа да уәкілетті тәуелсіз қаржы кеңесшісіне (леріне) жүгіну ұсынылады. Акциялары және/немесе ҒДҚ-ны оның атынан брокерде, дилерде, банкте, кастодианда, траст компаниясында немесе басқа номиналды ұстаушыда сақталатын кез келген жеке тұлға немесе компания, егер олар Бағдарламаға қатысқысы келсе, осындай тұлғаға жүгінуге тиіс.

Қосымша ақпарат алу үшін [ir.airastana.com](http://ir.airastana.com) сайтына кіріңіз немесе төменде телефондарға хабарласыңыз:

**Инвесторлармен байланыстар жөніндегі қызмет**

[investor.relations@airastana.com](mailto:investor.relations@airastana.com)

**Қаржы медиа сұрақтары бойынша**

[airastana@fticonsulting.com](mailto:airastana@fticonsulting.com)

### **Air Astana компаниялар тобы туралы**

Air Astana компаниялар тобы Орталық Азия мен Кавказ өңірлеріндегі кіріс көлемі мен әуе кемелер саны бойынша ең ірі әуе тасымалдаушы топ. Компания 63 әуе кемесінен тұратын флотты басқарады, ол 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған толық қызмет көрсететін Air Astana әуе компаниясы мен 2019 жылы құрылған бюджеттік FlyArystan әуе компаниясына бөлінген. Компания тұрақты, тіке және транзиттік, қысқа және ұзақ қашықтықтағы жолаушылар мен жүк тасымалын жүзеге асырады. Маршруттық желісі Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропаны қамтиды. Air Astana Skytrax рейтингі бойынша Орталық Азия және ТМД-дағы ең үздік әуе компаниясы атағын 14 мәрте иеленді және қатарынан 9 рет Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік әуе компания қызметі марапатына лайық танылды. FlyArystan үш рет Skytrax сыйлығы бойынша Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік бюджеттік әуе компаниясы атанды. Сонымен қатар, Air Astana Airline Passenger Experience Association (APEX) тарапынан ірі әуе компаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие болды. Компания Қазақстан қор биржасында (KASE), Астана халықаралық биржасында (AIX) және Лондон қор биржасында (LSE) AIRA тикерімен листингке енгізілген.